

Қазақстандағы патша әкімшілігінің қоныс аудару және жер саясаты



Жоспар:

1. Шаруаларды Қазақстан аумағына қоныс аудару себептері.
2. Шаруалардың жаппай қоныс аудару бастауы.
3. Шаруалардың қоныс аудару қарқынының күшейе түсуі.
4. Столыпиннің 1906 аграрлық реформасы.
5. Жергілікті халық жағдайының нашарлай түсуі.
6. Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының қарсылығы.

**Қоныс аудару
себептері:**

**Ресейде
жерсіз
қалған
шаруалард
ың
наразылы
қтарын
жою үшін.**

**Ресей
қоныс
аударушы
лары
есебінен
қазақ
жерінде
сенімді
тірек
қалыптаст
ыру.**

**Қазақта
рды
отырық
шылық
қа
көшіру.**

**Жергілік
ті
халықты
христиан
дініне
көшіру.**

**Қазақстанд
ы Ресейдің
мол астық
базасына
айналдыру**

*Жетісу облысы әскери губернаторы Колпаковский
бастамасы бойынша Жетісуға шаруалардың қоныс аударуы
туралы "Уақытша ереже" әзірленді.*

Бұл құжат 1868 жылдан
бастап 1883 жылға дейін
күшін сақтады.

"Уақытша ереже"
бойынша орыс қоныс
аударушыларына
(ерлерге) 30 десятина
жер беру,


15 жылға алым-салық
және түрлі
міндеткерліктерден
босату, 100 сом
мөлшерінде көмек
беру және басқа
жеңілдіктер
анықталып,

Қазақстанда бұл қоныс аудару саясаты үш кезең бойынша бөліп қарастырылады.

I кезең ХІХ ғасырдың 70-80 жылдар аралығын қамтиды, ол 1889 жылғы 13 шілдедегі жарлық шыққанға дейін созылды.

II кезең ХІХ ғасырдың 90-жылдарынан 1905 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

III кезең 1906 жылдан 1916 жылдар аралығын қамтиды.



10 десятина
(ерлерге) жер
беру,

міндеткерліктің
5 жылға дейін
босату,

*1886 жылғы
дайындалған:
"Түркістан
генерал-
губернаторын
басқару туралы
Ереже" бойынша*

ҚОНЫС
аударушыларды
алым-салық

кейінгі жылдары
алымды тек
жартылай төлеу
жеңілдіктері
сақталды.

1889 жылғы 13 шілдеде қабылданған ережеде

*Шаруалардың қоныс аударып,
тұрақтайтын аудандары нақты
анықталып көрсетіледі:*

Ақмола

1885 жылды қоса алғанда, Ақмола облысы қазақтары жерінен 251779 десятина мөлшерінде тартып алынды. Онда 10 940 ер адамы бар 24 қоныс аударушылар бөлімшесі (учаскелері) құрылған еді.

Жетісу

Жетісу облысынан 12 жылда (1868-1880 жж.) 3324 отбасы қоныс аударған, оның 2099 селолық құрылымға біріксе, 1225 отбасы қалаларда тұрақтанды.

Семей

Семей облысы бойынша 33 064 десятина егістік жер жергілікті тұрғындар иелігінен алынды.

1889 жылғы Заң күші Торғай және Орал облыстарына да таралды.



Заң қоныс аудару мәселесін үкімет құзырында қалдырды, қоныс аударушылар үшін арнайы рұқсат алуы қажет болды. Түйіндеп айтсақ, патша өкіметі орыс шаруаларының еркінше қоныс аударуын қадағалап, реттеуді көздеді. Алайда шаруалардың өз еркінше қоныс аударуы ретсіз қозғалыс болып қала берді.

Столыпиннің аграрлық реформасы (1906 жыл)

1906 жылы Ресей министрлер кеңесінің төрағасы **П.А. Столыпин** шаруаларды Ресейдің азиялық бөлігіне жаппай қоныс аудару туралы шешім қабылдады. Шаруалар қауымын ыдырату, оларды Қазақстанға қоныс аудару жөніндегі реформа **Столыпиннің аграрлық реформасы** деп аталды.

Негізгі бағыты – қоныс аудару шаруалар қозғалысының кеңінен етек алуын қамтамасыз ету.

Салдары - 1917 жылға қарай жергілікті байырғы халықтың пайдалануындағы 45 млн десятина жер тартып алынды.

Жатақтар – кедейленіп, қайыршыланған қазақтардың күнкөріс қамымен түрлі кәсіпшіліктерге , соның ішінде тау-кен өнеркәсібіне жұмыс іздеп кеткен қазақтар.

1-тапсырма

Патша үкіметінің Қазақстан аумағына қоныс аударушыларды орналастыруына байланысты шаралары мен жарлықтарын хронологиялық ретпен жазыңыз.

2-тапсырма

Қоныс аударудың маңызы мен салдарына баға беріңіз.

Үй тапсырмасы

✓ Тақырыпты оқу.